

Қашаған Күржіманұлы толғауларындағы дін желілері

*** 6D020500-Филология мамандығының
3 курс докторанты
Сейсенбиева Элеонора Сәрсенәліқызы
Ғылыми кеңесші: ф.ғ.д., профессор Мәдібаева
Қанипаш Қайсаңқызы**

Алматы, 2020

XIX ғасырдағы ақындар шығармашылығында ауызша-поэтикалық ислам дінінің, Шығыс әдебиетінің әсері басым. XIX ғасырдағы қисса-дастандарда Құран желісінің негізінде көптеген идеялар, сюжеттер, мотивтер пайда болды. Діни мазмұндағы дастандар тек араб-мұсылман әдебиетінен алынған тікелей аудармалар ғана емес, ұлттық әдебиетімізде шығыс әдеби үлгісінің әсерінен туындаған назира дәстүрінде де өрістеді. М. Әуезов: «Олар біреуінің тақырыбын біреуі алуды заңды жол еткен. Тек алдыңғының өлеңін алмай және көбінесе алдыңғы айтқан оқиғалары негізінде пайдаланса да, көп жерде өз еркімен өзгертіп отырып, тыңнан жырлап шығаратыны болады. Бұлайша, бір тақырыптың әр ақында қайталануы ешуақытта аударма деп танылу керек емес. Ол өзінше бір қайта жырлау, тыңнан толғау немесе ақындық шабыт-шалым сынасып, жырмен жарысу есепті бір салт еді.

Шығыс поэзиясы бұл салтты заңды деп біліп, осы дәстүрге «Назира», «назирагөйлік» – деп атау да берген» – деп назира дәстүрінің шығыстан бастау алып, қазақ ақындарының да шығыстың озық шығармаларына еліктегенін айта кетеді [1, 150]. Назирагөйлік дәстүрі бойынша шығарманың жанрлық түрі, мазмұны мен желісін сақтау шартты болып есептелмеген. Сондықтан да, ХІХ ғасырдағы ақындар шығыс әдебиетіне еліктеп, жаңа, тың шығармалар жазу арқылы қазақ әдебиетінде жаңа әдеби дәстүр яғни, назира үлгісін қалыптастырған болатын. Бір сөзбен айтқанда – қазақ әдебиетіне ислам дінімен бірге, араб-парсы мәдениеті мен әдебиеті де ықпал етті. ХІХ ғасырдағы ақындар шығармашылығына Құран сюжеттері мен тақырыптары жай ғана еліктеуден енген жоқ, халықтың Ислам дініне, яғни Аллаға деген сенімінің нәтижесінде туды.

XIX ғасырдағы ақындардың бірі, діни сауатты, сөзге шешен, өткір тілді Қашаған Күржіманұлы. «Даланың жыры, дананың сыры, сөздің сиқыры болмысына дарыған, халықтың жан-жүрегін, арман-тілегін құмарпаздықпен, керемет өнерпаздықпен толқындата толғаған, «өнерден дәулет жинаған» азу тісі балғадай, тілі мірдің оғындай айтқыштардың айтулысы, «арлан бөрісі» Қашаған жырау еді», [2, 30б.] деп ғалым С.Негимов айтқандай, халықтың арман-тілегін, басынан өткен қиындығын айта отырып, қандай істе де Аллаға шүкіршілік етуді естен шығармай айтып отырған.

Қашаған Күржіманұлы 1841 жылы Түрікменстанның Ташауыз қаласының маңында дүниеге келген. Ақын жастайынан жетімдіктің, жоқшылықтың тауқыметін тартып өскен. Қашаған Күржіманұлының шығармалары алғаш 1935 жылы «Әдебиет майданы» журналында (№5) жарық көрді. Ақын өз өлеңдерінде сол заманның надан, дін бұзар, дүмше молдалары мен сараң байларын аяусыз мысқылдап өлеңдеріне қосып айтты. «Есқали сұпыға айтқаны», «Оразалыға», адамгершілік, ізгелік қасиеттерді «Берекет ақынға», «Сақыпқа айтқаны» ерекше дәріптеген, елдік пен ерлікті, халықтың мақсат мұратын: «Ізім шайырмен айтысы», «Ізбасқа айтқаны» жырлаған. «Атамекен», «Топан», «Адай тегі», «Қарасай–Қази» дастандарында халықтың көне шежіресі мен тарихын, халықтың басына түскен үлкен қайғы-қасірет әкелген табиғат апаты туралы айтқан.

XIX ғасырдағы зар заман ақындары шығармашылығын зерттеуші ғалым Б.Омаров: « Оның «Топан» деген дастаны – асыптасып, астамсу мен апатқа ұшыраудың ара қатынасын безбендеген шығарма. Топан суды қаптатқан бұл зауалдың себеп-салдары белгілі.

Қашағанның ақындық шешіміне ден қойсақ, «біреуді атадан, біреуді анадан, енді біреуді жалғыз қарадан айырған» топан судың басуы Алла тағаланың ескертпесі ғана» [3,108-109] дегендей Қ. Күржіманұлы «Топан» атты дастанында табиғат апатын адамдардың жаман пиғылынан, Аллаға шүкіршілік, қанағат етпегеннен деп есептейді.

Бегім төре, нәніміз,
Сөзге құлақ салыңыз,
Айтқаныма менің наныңыз,
Тауқымет тартып тосыннан
Болмай отыр хәліміз [4,15].

деп дастанның басында халықтың басына түскен тауқыметін айтады.

الم نجعل الارض كفانا. احياء واموتا. وجعلنا فيها روسي شمخت واسقينكم ماء
فراتا. انطلقوا الي ظل ذي ثلث شعب

«Жер бетін Біз кең-байтақ қылып, тіршілік атаулының ғұмыр кешіп, өліммен кезігетін мекені етіп жаратпадық па? Берік те нық етіп асқар тауларды орнатып, кәусар таза суымен сендердің сусындарыңды қандырмадық па? Осы нығметтерді жалған дегендер ол күні қасірет шегеді» [5, 1050-1051]. Құран Кәрімде Алла адамға табиғат тіршілігіндегі барлық өлі және тірі затты қажетіне пайдалану үшін жаратқанын айта келе, оны тек жақсы, игі істерде қажетіне жарата отырып, Алла шүкіршілік етуді ұмытпауды да ескертеді.

Ақын халықтың бақ-дәулетті өмір сүруінде Алланың бес парызын өтеп, құлшылық жасап, аузынан Алласын, қолынан тәспісін тастамай, барлық үлкен істерді ауылдың үлкен қарияларымен ақылдасып отырып атқарғанын айтады:

Аллаға жағып құлығы,
Ұрпақтары көп өскен.
Әруағы күнді жасқардай,
Абыройы асқардай, –
Не жақсымен теңескен.
Үлкен бір іске көшерде
Көшелі қарттай кеңескен.
Ғалымдары болыпты
Құраннан неше хат білген,
Көңілі танып Хақ білген,
Бір Алласын жад білген,
Жаңылмаған тәспі, тәкпірден [4,16].

Жерінің шүйгін, малға жайлы, халықтың жағдайының жақсы болуы Алланың берген сыйы деп түсіндіреді. Ақын «Бір Алласын жад білген», جاد деген араб сөзі яғни, Алланы есінен шығармаған деген мағынада қолданып отыр. Ақын дастанда осындай мамыражай халықтың ішіне іріткі салып, оның азып-тозуына себепші болған құтырған құрт туралы сөз етеді.

Құтырған құртты жеген торғай – бүркіт – балық – халық. Ақын халықтың азғындап, Аллаға шүкіршілік етпей кетуінің басты себебін де осы құтырған құрттан болғанын, халықтың бұзылғанын, оның артының жақсылыққа апармайтынын меңзейді. Арша ағашқа келіп қонған бір бозторғай құтырған құрты қағып жеп құтырып шарықтап жүрген бүркітке шапқан екен. Бозторғайды жем қылған бүркіт қағынып желденеді. Шүйлігіп, жойқын суда жүзген нән балыққа түседі. Жан қармаған нән балық бүркітті жұтып құтылады. Енді балық құтырып суға симай сандалып, жағаға ұрынды. Қайырлаған балықты ел жейді. Құтырған елдер бірін-бірі жеп, көп халық сөйтіп азайған екен.

Адам баласы имандылықтан кетіп, Алланың хақ жолынан тайып, күнәға бататын болса, ондай кесір-кеспаттың соңы ақырзаманға апаратынын Қашаған ақын дастанда құтырған құртпен сабақтастырады. Адам баласы қай уақытта, қай кезеңде болатынын болжай алмайтын ақырзаман туралы Құран Кәрімнің 77 «Мурсәләт» сүресінде айтылған.

والمرسلات عرفا. فالعصفت عصفا. والنشرت نشرًا. فالفرقت فرقا. فالملقيت ذكرا.

«Қайта-қайта жіберіліп жатқан аяттармен ант етемін! (Жалғанды жайпап өтетін орасын) дауылдай (жеңімпаз) аяттармен ант етемін! (Алланың әмірімен) бұлттарды (игілікке) айдаушы періштелердің атымен ант етемін! (Ақиқат пен жалғанды) ажыратушы періштелердің атымен ант етемін! (Алланың үндеуін) жеткізушілердің атымен ант етемін! [5, 1047-1048]. Құран Кәрімнің бұл аяттары Алла апаратын тура жол мен имансыздардың жасаған істерінің сұрауы бар екенін айтады.

Ақын әуел баста Жем мен Жайықтың зәмзәм судай тұнық, құтты жер екенін, сол киелі жерді сырттан келгендердің, орыстың саяси отарлаушыларының ылайлап жүргенін айтады.

Құдайдан, көптен қыңбады –

Көңілдің қара зынданы.

Бұл арадан мал тапқан

Бір шүкірлік қылмады [4,16].

Патша үкіметіне бағынған қазақтың ел басқарған билері қалаға барып ояздарға сый-құрметі мен парасын беріп отырды. Сонымен қатар, оларға еліктеп арақ ішіп, темекі тартуды үйреніп, халықтың жиған-терген малын түкке тұрғысызға шашты. Ел бұзылып, береке-бірлік кетті.

Ақын жойқын табиғат апатының болуы ақырзаманның белгісі ретінде ой толғап, заманының азып-тозуын, алапат су тасқынының алуын халықтың пиғылының бұзылуынан, қанағатсыздықтан дейді. Осы тұрғыда ХІХ ғасырдағы ақындар шығармашылығын жан-жақты саралап, зерделеген М.Әуезов: «Баяғыдан құбылып, бұзылып келе жатқан заман, өзге заман емес, ақыр заман екен. Бұл арада дін ұғымы мен ескі қазақ көзқарасы бір араға қосылғандай болады» - деген [6, 227].

«Алла» деген – артық бақ,

Бұрынғы өткен заманнан, [4,17].

деп ақын Қашаған Күржіманұлы заманының, адамның бұзылғанынан табиғаттың да өзгергенін айтады.

Ақын дастанда қасиетті жұма күні, намаз уақытысында топан су басқанын айтады.

Алланың хақ жолынан безінгендердің, ақиқатты жалған деушілерлердің қасіреті туралы «Мурсәләт» сүресінде былай дейді:

اءنما توعد ونلوقع.فاذا النجوم طمست.واذاالشماءفرجت.واذاالجبال نسفت.واذا الرسل
اقتت.

«Шын мәнінде сендерге уәде етілген (Қиямет күні). Жұлдыздардың жарығы сөнген (күні). Аспан (күмбез) қақ жарылғанда. Таулар құлап, тозаңға айналып ұшқанда. (Алла) елшілеріне (үкімнің) дәл болатын күнін мәлімдегенде» [5, 1048-1049].

Құран Кәрімде көрсетілгендей, адам баласының есеп беретін күні болғанда, жақсылық пен жамандық ажырытылады.

«Салих құлын бір Алла От ішінде сақтар» деген сөз, көнеден жеткен ақпарды» деп, ақын Аллаға қарсы іс-әрекет жасаған халықтың бұрын да жазаланғанын айтып отыр. Қашаған Күржіманұлы «Топан» дастанында бүкіл бір ауылды жалмаған апаттың сырын, табиғаттың ғана күші емес, адамның өзіне-өзі жасаған жамандығы, Аллаға шүкіршілік, қанағат етпегеннен Алланың берген қатал жазасы деп түсіндіреді.

...Өлмейтіндей көргенмен,
Ажалға адам жақын-ақ.
Өлерін адам білгесін,
Төсекке түнде кіргенде
Иманыңды айтпақ мақұл-ақ.
Алласы түспей аузына,
Сөйлемек жаман шатынап.
Тәубаға кел тірлікте,
Құдайға жылап аһылап.
Ақыреттің қайығын
Бір мінгесін ылаулап,
Келмегің қиын қатынап.
Ізінді бағып шайтан жүр,
Қалт жібермей бақылап [4,17].

Қашаған Күржіманұлы дастанның бұл жерінде адам баласының бұл дүниеде жасаған әр бір ісінің ақ пен қарасын, ақиқатын дәлелдеп беретін, есеп беретін күннің барын ұмытпауды айтады. Топан су басып, елдің астан-кестенін шығарған, алапатты адам баласының қисапсыз дүние жиған қанағатсыздығынан дейді.

Құран Кәрімнің «Мурсәләт» сүресінде пиығылы нашар, қанағатсыз адамның, Аллаға тәубе етпегені туралы былай дейді:

كلوا و تمتعوا قليلا انكم مجر مون. ويل يومئذ للمكذبين. واذا قيل لهم اركعوا لا يركعون. ويل يومئذ للمكذبين. فباي حديد يث بعده, يومنون

«Әй кәпірлер! Фәни жалғанда ішіп-жеңдер, азғана уақыт болса да, рақаттаныңдар, өйткені сендер күнәкарсыңдар! – делінеді. Ақиқатты жалған дегендер үшін, қандай қасіретті күн десеніңіші бұл! (Құдайға) құлшылық жасап бас иіңдер десе де, (олар қырсығып), сіріскен күйі қалды. Ақиқатты жалған деушілер (әлден-ақ) қасіретте. Олардың көздерін (шындыққа) жеткізу үшін қасиетті Құраннан басқа қандай үндеу керек екен?» [5, 1053].

Түн ортасы болғанда
Желдің беті бұрылған,
Бәлеге қашқан ұрынған,
Малынан пайда көрмеген
Қанағатсыз Қарынбай,
Барын «жөк» деп құрынған.
Табалап оны қайтейін, –
Құдайдың торы құрылған?!
Өнеге үшін айтамын,
Кейінгі туған жас бала
Таймағай деп жол мен ырымнан.
Жұлдызды жадқа санасақ,
Хисап етіп қарасақ,
«Мың тасқанға – бір тосқан» –
Бар емес пе еді бұрыннан? [4,17]

«Жұлдызды жадқа санасақ» деп ақын дастанның бұл тұсында қазақ халқының бұрын айға, жұлдызға қарап ауа-райын, тіптен халықтың өткені мен болашағын болжағанын да айтып отыр. Дастанда берілген «жад» сөз» араб сөзі – جاد аудармасы – ес. Яғни, естен шығармау керектігін айтып отыр. Дастанда ауылдың үлкен ақсақалдары топан судың алдын болжап, алты күн бұрын айтып, ескертеді.

Құран Кәрімде ақырзаман болғанда, адам өзінің туған баласын да, бауырын да, анасы мен әкесін де тастап қашатыны айтылған. «Абаса» сүресі:

يوم يفر المرء من اخيه. وامه, و ابيه. و صحبته و بنيه. لكل امرئ منهم يومئذ شأن
يغنيه

«Пенде баласы өзінің туған бауырын, анасы мен әкесін, жұбайы мен балаларын тастап қашады» [5, 1068].

Қашаған Күржіманұлы дастанның соңында топан судан аман қалған елін жұбатып, ертеңгі күннен, Алладан үміт үзбеуін айтады.

Қашаған Күржіманұлы «Топан» атты дастанында елді топан су басып, ақырзаманның келуі, адамның жаман пиғылынан, Аллаға шүкіршілік етпеуінен деп толғайды. Алланың хақ жолынан кетіп, күнәға батып, имандылықтан безіну, адам баласын – ақырзаманға апаратын алапат апаттың бастауы Орыс саясатының отаршылдық зорлық-зомбылығын көргені, елдің бұзылып, арақ ішуі, Алланың бар екенін мойындаймай Исламның таза хақ жолынан бұрылуы деп түсінеді.

«Қашаған ақынның әдеби мұрасы – халқымыздың көркемдік-эстетикалық дүниетанымына негізделген рухани құндылықтарымыздың бірі. Бұл ақынның мұрасындағы ұлттық және көркемдік сипатты құрайтын басты ерекшелік. Қазақтың атақоныстарын, салт-дәстүрлерін, меймандос, жомарт көңіл байлығын мадақтап, сараңдарды, қайырымсыздарды сынап жырлағаны оның ұлттық діл болмысын даралайды. Атамекендерді, батырларды, әділ хандарды, би-шешендерді ардақтап, заман қайшылықтарын, болашақ бақытын саралап жырлағаны – ақын шығармаларындағы көркемдік сипатты құрайды» [7, 68] деп ғалым Т. Тебегенов айтқандай сөзге шешен, шебер Қашаған Күржіманұлы Нұрыммен, Ізбаспен айтыста да діни сауаттылығын, айтыс өлеңінде де үздік, жүйріктігін көрсетеді. Ақынның Нұрыммен айтысы дін жұмбағына құрылған. Нұрыммен айтысында ақынның айтқыштығы, тапқыштығы ерекше жарқырай түседі. Нұрымның қиын діни сауалдарына қисынды жауап бере біледі. Қашаған мен Нұрым ақынның бұл айтысының танымдық мәні өз алдына, бұл айтыс тапқыштық, тапқырлық мәнінде аса көркем айтыс болып табылады. Жас ақын Қашаған елге танымал, атышулы Нұрым жыраудан бата алмақ болып, үш рет іздеп барып, таба алмай кетеді.

Екі ақын бір тойда кездесіп, сөзді Нұрым бастайды:

Бір-екі сөз сұрайын

Ақылға кәміл данадан.

Бала, білсең хабар бер

Үдіргелі Хауа Анадан,

Қанша заман өтті арадан?

Дүниенің басы неден жаралған?

Жер мен аспан – бұл не зат?

Мақұлық қалай тараған?

Адам, Лаухы, Ғалам – баршасы

Неден жаралған? [8,54]

Дүлдүл ақындар айтыстың басынан-ақ Алланың құдіретін, Құран Кәрімнің хақтығын, Ислам тарихы мен дінінен сауаттылықтарын көрсетіп, жұмбақ айтысының тақырыбына арқау етіп, айтысты Нұрым ақын Қашағанға дүние мен адам қалай жаратылғаны туралы сұрақтан бастайды.

Қашаған ақын Алланың хақ, тура жолында жүрген адамның барар жері жұмақ екенін айта отырып, аспан мен жердің, он сегіз мың ғаламның яғни, тіршілік атаулының қалай жаратылғанын жіпке тізгендей етіп айтып береді. Бұл жердегі «Лаухы» لوح – араб сөзі, сөздіктегі тура мағынасы тақта. Негізінде «Лаух» сөзі діни термин болғандықтан бұл жерде, Аллаһтың жаратқан мақұлықтарының тағдыры жазылған тақта деген мағынаны білдіреді. Ислам дінінде бүкіл жаратылыс атаулының тағдыры жазылған тақта (Лаухы) Лаухул-Махфуз деп аталады. Жоғарыдағы айтыста екі ақынның атап өткен «Лаухы» терминін жұмбақ айтысында жәй ғана қолданып қоймаған, Ислам дінінен сауаттылықтары болғандықтан негізгі діни термин ретінде қолданған. Бұл терминді кез-келген адамның түсіне қоюы қиынға соғады.

Екі ақын да тіршілік атаулының адамгершілік қасиеттерді жоғары бағалауды, дәріптеуді басты назарға алып отырады.

Нұрым ақын:

Пайғамбардың кезінде,

Қанша қауым өтіпті

Өз пиғылынан өзі азып? [8, 59].

Қашаған Күржіманұлы Нұрым ақынның бұл сұрағына адамды Алланың ұлық, хақ жолымен жүруге үгіттеген Пайғамбарлар: Хазіреті Нұх, Лұд, Аухадтың ұлғатты істерін айта отырып, олардың айтқанымен жүрмеген халықтың топан суға кеткенін айтып

Қашаған Күржіманұлы өлең сөзде, өзінің айтулы айтыс, дастандарында зауал шақ, күнәмен жаза жайын, дін негіздерін айрықша шеберлікпен сипаттап жеткізді. Терең философиялық астармен үлкен мәселелерді өрбітіп айтқан ақын сол арқылы адамдарды имандылыққа, мейірімділікке, шүкіршілік етуге шақырады.